

Жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 19 мамырдағы № 1021 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қостанай облысы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне осы қаулының қосымшасына сәйкес, коммуналдық, инженерлік, электр және басқа да тораптардың желілерін жүргізу және пайдалану үшін жер учаскелеріне қауымдық сервитуттар белгіленсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

М. Жүндібаев

Әкімдіктің

2023 жылғы 19 мамырдағы

№ 1021 қаулысына

қосымша

"Қостанай облысы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне қауымдық сервитуттар белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

1) Қостанай қаласы, Қобыланды батыр даңғылы, 3 мекенжайы бойынша "Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Қостанай политехникалық колледжі. Түзету" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жанында 500 орындық жатақхана салу "объектісі бойынша электрмен жабдықтауды жүргізу үшін, жалпы алаңы 0,1460 гектар ;

2) Қостанай қаласы, Қобыланды батыр даңғылы, 3 мекенжайы бойынша "Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Қостанай политехникалық колледжі. Түзету"

коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жанында 500 орындық жатақхана салу " объектісі бойынша телефондандыруды жүргізу үшін, жалпы алаңы 0,0024 гектар;

3) Қостанай қаласы, Қобыланды батыр даңғылы, 3 мекенжайы бойынша "Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Қостанай политехникалық колледжі. Түзету" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жанында 500 орындық жатақхана салу " объектісі бойынша сумен жабдықтауды жүргізу үшін, жалпы алаңы 0,1933 гектар;

4) Қостанай қаласы, Қобыланды батыр даңғылы, 3 мекенжайы бойынша "Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Қостанай политехникалық колледжі. Түзету" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жанында 500 орындық жатақхана салу " объектісі бойынша кәрізді жүргізу үшін, жалпы алаңы 0,3343 гектар.